

**"Бұқаралық ақпарат құралдарын және ақпарат агенттігін есепке қою туралы"
Ережені бекіту туралы**

Күші жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі 1999 жылғы 24 желтоқсан N 226 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1030. Күші жойылды - ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің 2000 жылғы 1 қыркүйектегі N 170 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Z990451_ Заңын, Қазақстан Республикасы аумағында басылатын, эфирге шығатын, соның ішінде шетелдік ортаға арналған бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды тарататын ақпарат агенттігін есепке қою тәртібін реттеуді жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 499 P990499_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі туралы Ереженің негізінде бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған "Бұқаралық ақпарат құралдарын және ақпарат

агенттігін есепке қою туралы" Ереже бекітілсін.

2. Бұқаралық ақпарат құралдары Департаменті (Омаров Ж.С.) белгіленген заң тәртібімен осы Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен, нормативтік құқықтық акт ретінде, мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім Министрінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 175 V980635_

Бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау БАҚ Департаментінің директоры Ж.С.Омаровқа жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы

Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрінің
1999 жылғы 24 желтоқсандағы
N 226 бұйрығымен бекітілген

Бұқаралық ақпарат құралдарын және ақпарат агенттігін есепке қою туралы ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында басылатын, эфирге шығатын, сондай-ақ шетелдік ортаға арналған бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою тәртібін реттейді.

Осы Ереже ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, қайта өңдеуге және таратуға бағытталған ақпарат агенттіктеріне де қолданылады.

Ереже "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы (1999 жылғы 27 шілдесінде N 451-І ҚРЗ) Заңының талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 499 қаулысы) Ережесінің негізінде жасалды.

1. Жалпы ережелер

1. Бұқаралық ақпарат құралдарын (бұдан әрі - БАҚ) және ақпарат агенттігін (бұдан әрі - Агенттігі) есепке қою (қайта есепке қою) Қазақстан Республикасының аумағында басылатын және эфирге шығатын, сондай-ақ шетелдік ортаға арналған, бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, қайта өңдеуге және таратуға бағытталған

ақпарат агенттіктерін есепке қою мен мониторинг мақсатында жүзеге асырылады

2. БАҚ немесе Агенттіктерді есепке қоюды баспасөз және бұқаралық ақпарат саласындағы саясатты жүзеге асырушы мемлекеттік басқару органы ретінде Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі (бұдан әрі - Уәкілетті орган) жүргізеді.

3. Уәкілетті орган БАҚ немесе Агенттіктердің есепке қою туралы куәліктерінің, сондай-ақ күші жойылған немесе қайтарып алынған куәліктердің біртұтас тізімін жүргізеді.

4. БАҚ пен Агенттіктерді есепке қою туралы куәлікке Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі қол қояды.

Ол болмаған жағдайда куәлікке министрдің міндетін атқарушы адам қол қояды.

5. БАҚ немесе Агенттіктерді есепке қою туралы куәлік меншік иесіне немесе бас редакторға (редакторға), сондай-ақ меншік иесінің сенім хаты бойынша БАҚ немесе Агенттіктің өкіліне беріледі.

2. Есепке қоятын объектілер

6. Есепке қоюға төменгілер жатады:

1) тұрақты атауы, ағымдағы номері бар және кемінде жарты жылда бір

рет шығатын мерзімді баспасөз басылымы - газет, журнал, бюллетень, альманах, олардың қосымшалары;

2) толық атауы бар және кемінде жылына бір рет эфирге шығатын мерзімді дыбыс-бейне хабарлары мен берілімдерінің жиынтығы теледидар, радио, бейне, кино-хроникалық бағдарламалар;

3) ақпарат агенттіктер.

7. Мерзімді баспасөз басылымдарының ішінен мыналарды есепке қою талап етілмейді:

1) таралымы жүз данаға жетпейтін;

2) ресми, нормативтік және өзге де актілерді;

3) сот практикасының бюллетеньдерін.

3. Куәлікті беру тәртібі

8. БАҚ-н есепке қою туралы куәлік осы Ережеде көрсетілген талаптар мен шарттарды орындай отырып, бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылымын іске асыру құқығын растайтын құжат болып табылады.

9. Агенттікті есепке қою туралы куәлік осы Ережеде көрсетілген талаптар мен шарттарды орындай отырып, ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, қайта өңдеуге және таратуға бағытталған құқығын растайтын құжат болып табылады.

10. Есепке қойылған БАҚ немесе Агенттік Уәкілетті органда қайтара есепке қойылмайды.

Қайтара есепке алынғаны анықталған жағдайда алғашқы есепке қойылған мерзім уақыты заңды болып табылады.

11. БАҚ немесе Агенттік меншік иесіне есепке қою туралы куәлік берілген күнінен бастап есепке қойылған деп есептеледі.

12. Есепке қою туралы куәлік БАҚ немесе Агенттік меншік иесіне осы Ережелердің 18-тармағында көрсетілген жайлардан басқа шектелмеген мерзімге беріледі.

13. Меншік иесінің баспасөз ақпарат құралын шығаруға кірісу құқығы есепке қою туралы куәлік алған күнінен бастап алты ай бойы, теледидар, радио, бейне, кино-хроникалық бағдарламалар және Агенттіктерге бір жыл бойы сақталады.

Бұл мерзімді өткізіп алған жағдайда БАҚ немесе Агенттікті есепке қою туралы куәлік жарамсыз деп танылады.

14. Есепке қою туралы куәлік соттың азаматтық сот ісі ретімен мына жағдайларда жарамсыз деп танылады:

1) егер куәлік алдау жолымен алынған болса;

2) егер баспасөз ақпарат құралы алты айдан астам уақыт бойы шығарылмаса, телерадио ақпарат құралы - бір жылдан астам эфирге таратылмаса, ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдары бір жылдан астам берілмесе;

3) егер бұқаралық ақпарат құралы қайтадан есепке қойылған болса.

15. Есепке қою туралы куәлік жоғалған жағдайда (жоғалғанда, жойылғанда, т.б.) Уәкілетті орган "Дубликат" деген белгісі бар жаңа куәлік береді.

4. Бұқаралық ақпарат құралын, ақпарат агенттігін есепке қою тәртібі

16. БАҚ немесе Агенттікті есепке қою үшін меншік иесі Уәкілетті органға мынадай құжаттар тапсырады:

1) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңның 11-бабына сәйкес үлгі бойынша өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін - кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжат;

занды тұлғалар үшін - БАҚ немесе Агенттіктің меншік иесінің мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.

17. Өтініш және оған қосымша құжаттар Уәкілетті органның Кеңесі есепке алғаннан кейін он бес күн ішінде қаралады.

18. БАҚ немесе Агенттікті есепке қайтадан қою мына жағдайлар өзгергенде қажет болады:

1) меншік иесі;

2) заңды тұлға меншік иесінің - ұйымдық-құқықтық нысаны;

3) БАҚ немесе Агенттіктің атауы;

4) бұқаралық ақпарат құралының түрі;

5) тарату аумағы;

6) негізгі тақырыптың бағыты;

7) тілі (түрлерін көбейту).

19. Бұқаралық ақпарат құралын немесе ақпарат агенттігін қайта есепке қою алғашқы есепке қою тәртібімен жүргізіледі. Егер меншік иесінің немесе соттың шешімімен қызметі тоқтатылған болса, БАҚ немесе Агенттікті қайта есепке қоюға жол берілмейді.

20. Мынадай жағдайда БАҚ немесе Агенттік қайта есепке қойылмайды: редакцияның немесе меншік иесінің мекенжайы;

бас редакторы (редакторы);

шығару (эфирге шығу) мерзімділігі;

көлемі;

таралымы өзгергенде.

Мұндай жағдайда БАҚ немесе Агенттіктің меншік иесі бір ай ішінде жоғарыда аталған өзгерістер туралы Уәкілетті органға жазбаша хабарлауы тиіс.

5. БАҚ, Агенттікті есепке қоюдан (қайта есепке қоюдан)
бас тарту

21. Уәкілетті орган БАҚ немесе Агенттікті есепке қоюдан (қайта есепке

қоюдан) мына негіздер бойынша бас тартуға құқылы:

1) егер Уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралын немесе ақпарат

агенттігін бұрын сол атымен және сол аумаққа таралуымен есепке қойғаны туралы куәлік берген болса;

2) егер өтініштің мазмұны "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңның 11-бабының талаптарына сәйкес келмесе;

3) егер өтініш бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтату туралы сот шешімінің заңды күшіне енгеніне бір жыл толмай тұрып берілсе;

4) егер өтініш ақпарат агенттігінің қызметін тоқтату туралы сот шешімінің заңды күшіне енгеніне бір жыл толмай тұрып берілсе.

22. Егер меншік иесінің атынан өтінішті бұған өкілеттігі жоқ адам берген болса Уәкілетті орган есепке қою (қайта есепке қою) туралы өтінішті иесіне қараусыз қайтарып береді.

23. Есепке қоюдан бас тарту туралы хабарлама осы Ереженің 21-тармағында көзделген бас тарту негізін келтіре отырып, өтініш берушіге жазбаша түрде жіберіледі.

6. Есепке қою (қайта есепке қою) туралы шешімнің күшін жою

24. БАҚ немесе Агенттігін есепке қою (қайта есепке қою) туралы шешімді сот мынадай жағдайларда тоқтатуы мүмкін:

1) егер есепке қою туралы шешім Қазақстан Республикасының заңдылықтары талаптарына қайшы шығарылса;

2) осы Ереженің 13 және 14-тармағында қарастырылған жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңның 3-тармағының 13-бабында қарастырылған жағдайда.

7. Дауларды шешу

25. Егер Уәкілетті орган осы Ереженің 17-тармағында белгіленген мерзімде БАҚ немесе Агенттікті есепке қоймаса немесе өтініш иесіне негізсіз бас тартатын болса, онда соңғысы өз іс-қимылын сот тәртібімен

шешуге құқылы.

26. Уәкілетті орган БАҚ немесе Агенттікті есепке қоюдан негізсіз бас тартқаны, өтініштерді қараудың мерзімін бұзғаны, есепке қою туралы заңсыз шешімін қабылдағаны үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартылады.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.